

Қарғалы ауданы әкімдігінің кейбір қаулылардың күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Қарғалы ауданының әкімдігінің 2017 жылғы 21 сәуірдегі № 120 қаулы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 2 мамырда № 5480 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" заңының 27 бабына сәйкес, Қарғалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қарғалы ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Қарғалы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.Байсеуповке жүктелсін.
3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р.Сыдықов

Қарғалы ауданы әкімдігінің
2017 жылғы 21 сәуірдегі
№ 120 қаулысына
қосымша

Қарғалы ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. Қарғалы ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 5 ақпандағы № 36 "Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 18 мамырдағы № 112 "Халықты жұмыспен қамтуға қолдау көрсету жөніндегі қосымша шаралар туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы, нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3-6-99 болып тіркелген, 2010 жылғы 26 наурызда "Қарғалы" газетінде жарияланған;
2. Қарғалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 199 "Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 16 қарашадағы № 248 "Қарғалы ауданы халқының мақсатты топтарына жататаын тұлғаларының қосымша тізбесін бегілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы, нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3653 болып тіркелген, 2013 жылғы 31 қазанда "Қарғалы" газетінде жарияланған;
3. Қарғалы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 10 қаңтардағы № 4 "Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 31 тамыздағы № 246 "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар мен интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс

орындарына квота белгілеу туралы қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы, нормативтық құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 3510 болып тіркелген, 2013 жылғы 7 ақпанда "Қарғалы" газетінде жарияланған;

4. Қарғалы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 405 "Аудан әкімдігінің 2014 жылғы 8 қаңтардағы № 25 "Қарғалы ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулысы, нормативтық құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 4103 болып тіркелген, 2014 жылғы 25 желтоқсанда "Қарғалы" газетінде жарияланған.